

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кеден қызметтерінің қызметтік және арнаулы жеңіл автомобильдерінің лимиті туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 7 ақпан N 121. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.02.24. N 288 қаулысымен. ~P000288

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілдік және атқарушы органдарының, басқару органдарының қызметкерлерінің жалпы саны мен қызметтік жеңіл автомобильдері санының лимиті туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 қыркүйектегі N 1092 P941092_ қаулысымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне бөлінген қызметтік жеңіл автомобильдер санының лимиті жергілікті кеден органдарына берілген 115 жеңіл автомобиль санына қысқартылсын.

2. "Арнаулы жеңіл автомобильдер тиесілілігі кестесін бекіту

туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1989 жылғы 3 тамыздағы N 242 қаулысымен бекітілген Қазақ ССР Министрлер Советінің ведомствосына қарасты бюджет мекемелері мен ұйымдарына тиесілі арнаулы жеңіл автомобильдер кестесі қосымшаға сәйкес толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 7 ақпандағы
N 121 қаулысына
қосымша

Арнаулы жеңіл автомобильдер тиесілілігі кестесіне

Қосымша

Атауы | Атқаратын | Арнаулы автомобильдер | Мекемелерге,
| қызмет | пайдалануға құқығы бар | ұйымдарға, құрылымдық
| | мекемелер, ұйымдар | бөлімшелерге тиісті

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Жедел жұмыс	Профилактикалық және жедел жұмыс атқаруды қамтамасыз ету	облыстар бойынша кеден басқармасы	2 - 4
		кедендер	2 - 3
		кедендік пост	1 - 2